

**Мектеп асхана асын тексеру жайында  
бракераж комиссиясының жұмысының туралы ақпарат  
I-жартыжылдық**

Мектеп асханасында күнделікті шикі және дайын тамақты тексеріп бракераждық журналыды толтырып отырылады. Шикі тағамдар сапасы нормативке және нормасына сай келеді, ыстық тағамдар түрі екі апаталық мектеп директорымен бекітуімен перспективтік мәзір бойынша талапқа сай дайындалады. Шыққан дайын тамақтың шығуы грамына, килокалорийна сәйкес. Қоймадағы тағамдар жүйелі сақтаулы, жеткізілетін тағамдар арнаулы жабдықталған және әдейлеп бөлінген тараларда жеткізіледі. Салат түрлері үнемі өзгертіліп отырса деген ұсыныстар болды. Буфеттік тағамдар түрі жиі толықтырылып тұрады. Айына бір рет тамақтану мен тамақ пісіру орнына тазалық жасалынып, дезинфекцияланып отырады.

Мектеп асханасында кезекшілік атқарылады. Кесте бойынша күнделікті кезекшілер оқушылардың тамақтанудың қадағалайды. Күнделікті тамақтың сапасы мен берілу мөлшері (норма) аспазшылардың тамақты сапалы дайындауы медбике, әлеуметтік педагог және менің тарапымнан бақылауға алынған.

Мектебімізде қыркүйек айында жалпы оқыту қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған 26 оқушы, 18 қыркүйектен бастап 28 оқушы, 1-4 сынып бойынша 64 оқушы каршадан бастап 65 оқушы, арендатор есебінен 10 оқушы оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Жалпы оқыту қорының тегін ыстық тамақтың бағасы - 690 теңге, 1-4 сыныптарға берілетін тағам бағасы 450 теңге құрайды. Ыстық тамақтың бағасы – 350/175 теңге, буфет тағамы –150-200 теңгені құрайды.

Оқушылар екінші және төртінші сабақтардан кейін тамақтанады. Асхана жұмысын «ИП Зере» жүргізуде. Аспазшы арнайы білімі бар. Аталған қызметкердің уақытылы медициналық тексерістен өтіп, 2023 жылға жұмысқа рұқсаттамалары бар.

Асханада бір кезеңде 70 оқушы тамақтанады, 10 үстел, 70 орындық бар. Асханада арнайы қол жуатын орын, таза су фонтаны орнатылған.

Асханада «Ас адамның арқауы» қалқаны ілінген, асхана безендіріліп, жабдықталған. Қалқанда күнделікті ас мәзірі /қазақ тілінде/, мұғалімдер кезекшілігі мен оқушылардың тамақтанатын уақыты ілінген.

Асхананың тазалығы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай.

Бракераж комиссиясының құрылған бақылау топтары мен мектеп медбикесі тарапынан бақылауға алынып қадағаланып отырады. Сонымен қатар тамақтың сапасын анықтап отыру мақсатында мектеп медбибісі бракераждық журнал жүргізеді. Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыруы және тексеру қорытындысы бойынша, жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім, санитарлық талапқа сай.

